



**ШЕШІМ**

**30.05.2019**

Нұр-Сұлтан қаласы

**РЕШЕНИЕ**

№ **390/50-VI**

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
жанындағы тұрғын үй  
комиссиясының құрамы туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімге қоса берілген қосымшаға сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы тұрғын үй комиссияның құрамы бекітілсін.

2. Келесі шешімдер жойылсын:

- Астана қаласы мәслихатының 2016 жылғы 24 маусымдағы №31/7-VI «Астана қаласы әкімдігінің жанындағы тұрғын үй комиссияның құрамы туралы»;


- Астана қаласы мәслихатының 2016 жылғы 9 қарашадағы №76/11-VI «Астана қаласы әкімдігінің жанындағы тұрғын үй комиссияның құрамы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2016 жылғы 24 маусымдағы №31/7-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

- Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 22 қарашадағы №212/24-VI «Астана қаласы әкімдігінің жанындағы тұрғын үй комиссияның құрамы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2016 жылғы 24 маусымдағы №31/7-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

- Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 24 мамырдағы №260/32-VI «Астана қаласы әкімдігінің жанындағы тұрғын үй комиссияның құрамы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2016 жылғы 24 маусымдағы №31/7-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы**

**Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының хатшысы**

  
**А. Күрішбаев**

  
**Ж. Нұрпейісов**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
2019 жылғы 30 мамырдағы  
№ 390/50-VI шешіміне  
қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы тұрғын үй комиссиясының  
құрамы

- |                                   |   |
|-----------------------------------|---|
| Каналимов<br>Ерлан Ермекұлы       | – Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары, төраға   |
| Саипов<br>Әнуар Әбдіразақұлы      | – «Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары, төрағаның орынбасары                            |
| Дәулетов<br>Жандос Мұратұлы       | – «Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі тұрғын үй беру бойынша азаматтарды есепке алу бөлімінің басшысы, хатшы |
| Есентаев<br>Тастанбек Құтжанұлы   | – «Нұр-Сұлтан қаласының Кәсіподақ орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)  |
| Ибрагимов<br>Айбол Мұхадиұлы      | – «Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік-құқықтық бөлімінің бас маманы  |
| Кенжебеков<br>Серік Мұбаракұлы    | – Нұр-Сұлтан қаласының «Ауғанстан соғысы мүгедектері мен ардагерлері одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)   |
| Омарбаев<br>Қуандық Мұхамеджанұлы | – Астана қаласының «Чернобыль одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)  |
| Сиқымова<br>Зарема Маратқызы      | – «Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс және тұрғын үй саясаты басқармасы» мемлекеттік мекемесі тұрғын үй саясаты бөлімінің басшысы   |

Тергембаев  
Самат Ілиясұлы

– Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені» мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорының директоры

Шекенов  
Мирас Ерғалиұлы

– Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты

---